

**А. Алдаш** 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: aimank51@mail.ru

## **ҚАЗАҚ РЕСМИ ІСКЕРИ СТИЛІНІҢ АРХИТЕКТОНИКАСЫ: ЖАЗБА КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақ тіл білімінде функционалдық стилистиканың проблемалары жан-жақты зерттелген. Зерттеушілердің назарында болғаны негізінен көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стиль және олардың жанрлық тармақтары. Қазақ әдеби тілінің функционалдық стилдерінің жіктелімінің қатарында сонымен қатар «ресми стил, ресми іс қағаздары стилі» де аталады. Алғашқы еңбектерде бұл терминдер арқылы күнделікті еңбек қарым-қатынастарында қолданылатын ресми құжаттардың қарапайым түрлері ғана санамаланып көрсетіледі. Қазақ әдеби тілі функционалдық стилдерінің қатарында аталғанымен, белгілі бір кезеңдерде аса күрделі ресми, заңнамалық құжаттардың басқа тілде жазылуы және бекітілуі себепті осы стилдік тармақтың түрлері қарапайым құжаттар үлгілерімен шектелді. Соңғы онжылдықтарда күнделікті еңбек қарым-қатынастарымен қатар мемлекеттік ішкі, сыртқы басқару ісінде қолданылатын ресми мазмұндағы мәтіндер және олардың жанрлық түрлері барынша ұлғайды және олар тілдік бірліктердің ұйымдасуы жағынан күрделенді. Ресми мазмұндағы мәтіндердің басқару, реттеу, директивалық, нормативтік қызмет атқаратын күрделі түрлері ресми-іскер мазмұнға ие болды. Біріншіден, олардың архитектуралық динамикасындағы, әдеби нормалардағы өзгерістерді, жазба коммуникацияның артықшылықтарын танытатын маңызды стилдік тармаққа айналды. Үшіншіден, қазақ тілін меңгерту әдіснамасында да ресми мазмұндағы мәтіндердің архитектуралық басымдыққа ие болып отыр. Осы себепті функционалдық стилдер қатарында ресми-іскери стил қалыптасты, сондықтан оның композициялық тұтастығы мен композициялық құрылымын, жекелеген тілдік бірліктердің өзара ұйымдасу заңдылықтарын (архитектуралық), жазба коммуникациядағы орны мен рөлін зерделеу өзекті. Мақалада қазақ ресми-іскери стилінің күрделі және маңызды жанрлық үлгілері – заңнамалық құжаттардың талдау негізінде қазақ ресми-іскери мазмұндағы мәтіндердің тілі мен стилінің ерекшеліктері, қазіргі жазба коммуникациядағы артықшылықтары анықталады.

**Түйін сөздер:** ресми-іскери стил, жазба коммуникация, артықшылықтар, архитектура, құрылым, функционалды-мәнді мәтін, іс қағаздары, заңнамалық құжаттар.

A. Aldash

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: aimank51@mail.ru

### **Architectonics of the Kazakh official business style: features of written communication**

The problems of functional stylistics have been comprehensively studied in Kazakh linguistics. The researchers focus mainly on the style of fiction and journalistic style and their genre branches. Among the classification of functional styles of the Kazakh literary language is also called "official style, the style of official office work". In the first works on functional stylistics, only simple types of official documents used in everyday labor relations are considered in these terms. This fact can be explained by the fact that in previous periods of the most complex official, legislative documents and their genre types were carried out in another language. In recent decades, along with everyday labor relations, texts of official content and their genre forms used in state internal and external management have increased to the maximum, and they have become more complicated in terms of the organization of language units. Complex forms of texts of official content, performing managerial, regulatory, directive, regulatory activities, had an official business content. Firstly, their architectonics have become stable. Secondly, the texts of the official content have become an important stylistic functionally significant type in the modern dynamics of the Kazakh literary language, reflecting changes in literary norms, the advantages of written communication. Thirdly, the methodology of teaching the Kazakh language is also oriented towards the architectonics of texts of official content. In connection with this, an official business style has been formed in a number of functional styles, so it is relevant to study its compositional integrity and compositional structure, the

patterns of organization of individual linguistic units (architectonics), the place and role of this style in written communication. The article, based on the analysis of complex and important genre types of Kazakh official business style – legislative documents, defines the features of the language and style of texts of Kazakh official business content, their advantages in modern written communication.

**Key words:** official business style, written communication, advantages, architectonics, structure, functionally significant text, office work, legislative documents.

А. Алдаш

Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: aimank51@mail.ru

### **Архитектоника казахского официально-делового стиля: особенности письменной коммуникации**

В казахском языкознании всесторонне изучены проблемы функциональной стилистики. В центре внимания исследователей находятся в основном стиль художественной литературы и публицистический стиль, и их жанровые ветви. В числе классификации функциональных стилей казахского литературного языка также называют «официальный стиль, стиль официального делопроизводства». В первых работах по функциональной стилистике по этим терминам рассматриваются только простые виды официальных документов, используемые в повседневных трудовых отношениях. Данный факт можно объяснить тем, что в предыдущие периоды наиболее сложные официальные, законодательные документы и их жанровые типы осуществлялись на другом языке. В последние десятилетия наряду с повседневными трудовыми отношениями основное место занимают тексты официального содержания и их жанровые формы, используемые в государственном внутреннем и внешнем управлении, и они усложнились в плане организации языковых единиц. Сложные формы текстов официального содержания, выполняющие управленческую, регулятивную, директивную, нормативную деятельность, имели официально-деловое содержание. Во-первых, их архитектоника приобрела устойчивый характер. Во-вторых, тексты официального содержания стали важным стилевым функционально-значимым типом в современной динамике казахского литературного языка, отражающим изменения в литературных нормах, преимуществах письменной коммуникации. В-третьих, методология обучения казахскому языку также ориентируется на архитектонику текстов официального содержания. В связи с этим в ряду функциональных стилей сформировался официально-деловой стиль, поэтому актуальным является изучение его композиционной целостности и композиционной структуры, закономерностей организации отдельных языковых единиц (архитектоники), места и роли данного стиля в письменной коммуникации. В статье на основе анализа сложных и важных жанровых типов казахского официально-делового стиля – законодательных документов определяются особенности языка и стиля текстов казахского официально-делового содержания, их преимущества в современной письменной коммуникации.

**Ключевые слова:** официально-деловой стиль, письменная коммуникация, преимущества, архитектоника, структура, функционально-значимый текст, делопроизводство, законодательные документы.

### **Кіріспе**

Қазақ тіл білімінде және әлемдік лингвистикада функционалдық стилдердің диахронды-синхронды сипаты, стилдік тармақтарға таралуының тарихы, қалыптасуы, ішкі жанрлық түрлерінің дамуы мен күрделенуі жөнінде теориялық іргелі еңбектер де, қолданбалы мақсаттағы практикалық құралдар да жеткілікті. Қазіргі кезеңдегі сыртқы экономикалық, дипломатиялық, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастардың ұлғаюына, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатын басқару, реттеу ісінің маңыздылығына байланысты стилдік тармақтардың бірқатар түрлерінде, ішкі жанрла-

рында тың құрылымдық өзгерістер, тілдің функционалды-мәнді жаңа типтерінің пайда болуы байқалады.

Сонымен қатар стилдік тармақтар талданатын еңбектердің барлығында да дерлік негізінен тілдің дамуындағы өзгерістер, тіл мәдениеті, әдеби норма мәселелері назарда болып келеді. Жалпы, функционалдық стилдердің тармақтарына, жанрлық түрленімдерге арқау болатын жайттар – баяндау, сипаттау, суреттеу, талқылау мен пайымдау, насихаттау, дәлелдеу, ақпарат беру мен әсер ету сияқты белгілер. Осы белгілердің негізінде тілдің функционалды-мәнді, ажыратылатын типтері анықталады. Функционалдық стилдерге арналған зерттеу-

лерде бұндай белгілер «стилдік байлаулы белгілер (стилистикалық маркированые единицы) деп аталып келді. Қазақ тіл ғылымында бұл тұрғыда көркем әдебиет, публицистикалық стилдерге, сондай-ақ ішінара ғылыми-көпшілік стилге, ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне арналған, қазақ стилистикасының маңызды тұстары анықталған толыққанды зерттеулер бар.

Ал қазақ тіл білімінде функционалды стилдердің бір тармағы ретінде аталғанымен, ресми-іскери стилдің функционалды-мәнді ажыратылатын сипаты, құрылымы, тілдің дамуындағы орны, тұтастай алғанда, стилдік жеке тармақ ретіндегі ерекшеліктері толық түрде таратыла қоймаған. Алғашқы еңбектерден «ресми іс қағаздары стилі» деген терминді кездестіреміз, оларда осы ұғым арқылы негізінен күнделікті еңбек қарым-қатынастарында қолданылатын, ресми құжаттардың қарапайым үлгілері (өтініш, қолхат, сенімхат) топтастырылады. Соңғы жылдары «ресми-іскери стил» деп аталатын термин кеңінен қолданысқа түсті. Бұл «ресми стил, ресми ісқағаздар стилі» деген ұғымдарды қамтитын ауқымды стилдік тармақтың қалыптасқанын, функционалды стилдер қатарында өз орны бар екендігін, әсіресе қазақ тілінің синхронды дамуындағы лексикаға, сөзжасамға, терминологияға қатысты сипаттарды зерделеуде дәл осы стилдік тармақтың жазба коммуникацияның бір түрі ретіндегі ерекшеліктерін, архитектуралық (мәтіннің композициялық тұтастығы мен композициялық құрылымын, жекелеген тілдік бірліктердің өзара байланысу заңдылықтарын және осыларға ықпал ететін сыртқы және ішкі түрткіжайттарды) жан-жақты ескерудің өзектілігін айқындайды.

### Материалдар мен әдістер

Проблеманың басты сипаттарының лингвистикалық белгілерін жүйелеу үшін А. Байтұрсынұлының, Қ. Жұбановтың, М. Балақаевтың, Р. Сыздықтың, Е. Жанпейісовтің, лексикографиялық еңбектердің, сондай-ақ шетел ғалымдары В. Виноградовтың, М. Кожинаның, татар ғалымы А. Тимерхановтың және ресми-іскери стилдің ерекшеліктері қарастырылған С. Ульяновның, Е. Гулыганың, сондай-ақ шетелдік зерттеушілер Egan M. (Egan, 1998), Slutsky J.M. (Slutsky, 2018), Greavu A. (Greavu, 2019) еңбектері зерделенді.

Тілдік фактілер ресми құжаттардың қарапайым үлгілері жинақталған «Ресми іс қағаздары» (Астана, 2000), «Ресми-іскери стиль:

қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі» (Алматы, 2002) атты еңбектерден және ресми құжаттардың күрделі архитектуралық танытағын «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңы» (2015, № 434-V ҚРЗ), «Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер туралы заңы (2016, № 480-V), «Қазақстан Республикасының Мәдениет туралы заңы (2006, N 207) сияқты 10-нан заңнамалық құжаттардан іріктелді.

Ресми-іскери стилдің ерекшеліктерін анықтау мақсатында ресми мазмұндағы мәтіндердің түрлері мен жанрларына ортақ біртұтастықты, конвенционалдықты танытуға ықпал ететін кешенді талдау, жүйелеу, ресми мазмұндағы мәтіндердегі тілдік бірліктердің ұйымдасуын анықтауға мүмкіндік беретін концептуалды және құрылымдық-жүйелілік талдау қолданылды.

### Әдебиеттерге шолу

Тілтанымда қазақ ресми-іскери стилі – жекедара қарастырылмаған тармақтардың бірі. Дегенмен басқару, реттеу функцияларын атқаратын күнделікті еңбек қарым-қатынастарындағы құжаттардың күрделі заңнамалық құжаттардың тілі мен стиліне қатысты алғашқы тұжырымдар қазақ тілтанымның іргесін қалаған ірі ғалымдардың еңбектерінде бар. Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы «тіл қисыны, лұғат қисыны» деген терминдерді қолданып, «шығарманың тілінің ғылымы және шығарманың түрінің ғылымы» болады» деп таратып, «шығарманың тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал шығарманың түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жүйелерін танытады» деген құнды пікірін қалдырды. А. Байтұрсынұлының сөзіндегі бір-бірімен тығыз ұштасатын, *тіл өңінің жүйелері мен мазмұн жүйелері* қазіргі ресми-іскери стилдің негізгі сипаттарын анықтауға тірек болады (Байтұрсынұлы, 1991: 348). Бұл пікір, тұтастай алғанда, стилдік тармақтардың ішкі тармақтарға бөлініс жүйесі, олардың әрқайсысының стилдік белгілері, тілдік бірліктердің функционалды-стильдік жағынан жіктелуі, әрбір стилдің функционалды-мақсатты және функционалды-формалды мазмұнының ерекшеліктерін анықтауда аса маңызды. Өйткені қаншалықты стереотипке құрылғанымен, жазба коммуникациядағы басқа нұсқалар сияқты ресми-іскери стилдің түзілуінде, мазмұнды жеткізуде тіл жүйесіне, оның ішінде жаз-

ба коммуникацияға тән заңдылықтар анық сақталады. Осылайша стилдер және олардың ішкі жанрлық түрлері тармақталады.

Стильдік тармақтардың әлеуметтік контекст түріндегі сипаты, прагматикалық қызметі турасындағы алғашқы көзқарастарды қазақ тілтанушының іргетасын қалаған көрнекті ғалым Құдайберген Жұбановтың еңбектерінен табамыз. Ғалым «Этюды к переводу трех стилей» деген еңбегінде аударма үдерісі арқылы тілдің лексикалық-грамматикалық құрылымының өзіндік белгілерін көрсеткен болатын (Жұбанов, 1999: 532-536).

Ресми мазмұндағы мәтіндердің ерекшеліктері қазақ тілтанушында алғаш рет қазақ тілінің стилистикасына арналған оқулықта жинақталған деуге болады. Бұл еңбекте «іс қағаздары мен ресми стиль» термині қолданылған. Және ресми іс қағаздары мен ресми стильдің айырмашылықтары ретінде ресми мазмұндағы мәтіндердің қарапайым түрлері (өтініш, сенімхат, қолхат, анықтама, бұйрық, есеп және т.б.) *ресми іс қағаздары* деген топқа ажыратылған, ал *ресми стиль* ұғымына «қаулы, заң, халықаралық шарттар енетіндігі көрсетілген (Балақаев, 1974: 24).

Тілдік бірліктердің, яғни сөз бен грамматикалық құрылымдардың белгілі бір мақсатпен топтастырылуының нәтижесінде қалыптасатын функционалдық стильдер жүйесі жөнінде кейінгі еңбекте ресми мазмұндағы мәтіндер «ресми іс қағаздары мен кеңсе тілінің стилі» деп аталған (Балақаев, 1984: 46). Бұл тармақтың басты белгілері ретінде «бірсыдырғы қатал логикалық байланыстағы сөздер мен сөз тіркестері, толымды, жақты сөйлем, дайын тілдік үлгілер, номенклатуралық атаулар мен терминдер» көрсетіледі (Балақаев, 1984: 46). Осы шолудың өзінен қазақ тілінің түйінді мәселелері түбегейлі зерттелген кезең – өткен ғасырдың орта тұсында әдеби тілдің басқа стильдік тармақтарына қарағанда, ресми мазмұндағы мәтіндердің терминдік ұғымы да, ішкі белгілері де нақтылана қоймағанын көреміз. Бұның объективті себептерінің негізгілері сол кезеңдегі қазақ тілінің қолданыс аясының шектелу болғанына, басқару, реттеу қарым-қатынастарында басқа тілдің үстем қызметіне байланысты екендігі белгілі.

Функционалдық стильдердің осы түріне лексикографиялық еңбекте нақты анықтама берілген. Онда «ресми іс қағаздар стилі» делінгенімен, өзге тілдегі аудармасы – официально-деловой стиль. Ең маңыздысы – анықтамасы ресми-іскери стиль ұғымының және оның

ерекшеліктерінің басты белгілерін нақпа-нақ көрсетеді: «ресми іс қағаздар стилі заң шығару және іс жүргізу салаларында қолданылады. Стильдік топтары: тікелей заң стилі, әкімшілік-кеңселік, дипломатиялық. Ал ерекшеліктері ретінде жазбаша түрде ғана берілетіні, ақпараттық және волонтерлік қызметке ие екендігі, тілдік бірліктердің стандартталуының жоғары дәрежеде болатындығы аталады (Тіл білімі сөздігі, 1998: 259-260).

Ресми-іскери стиль қоғам мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастың ресми түріне, басқаша айтқанда, қоғам мүшелерін басқарудың құқықтық қарым-қатынастарына байланысты. Тілдік қарым-қатынастың осындай макроаясын қамтитын ресми-іскери стиль мемлекеттік басқару, халықаралық қатынастар, заң ісі, сауда-экономика, әскери іс, мекемелер мен ұйымдардағы, жеке адамдар өміріндегі ресми қарым-қатынастар, жарнама тәрізді саналуан қызмет түрлерін қамтиды. Аталған салаларда қазақ тілінің қолданылу аясының кеңеюі соңғы онжылдықтарда, Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының қолға алынуының нәтижесінде ғана мүмкін болды да, әдеби тілдің стильдік тармақтарының күрделеніп, жаңа ішкі подстильдің пайда болуына жол ашылды. «Функционалдық стильдердің пайда болып қалыптасуында және әрі қарай баяу не интенсивті дамуында, – деп жазады академик Р. Сыздық, – тіл қозғалысының өз дамуынан тыс тұратын жағдайлар – ғылымда «экстралингвистикалық фактор» дегендер басты рөл атқарады, ...тілдің әлеуметтік қызмет өрісі функционалдық стильдердің қалыптасуына не өшуіне тікелей әсерін тигізеді» (Сыздықова, 1984: 163).

Әлемдік лингвистикада ресми мазмұндағы мәтіндердің талдануына кейінгі онжылдықтарда түрлерін санамалаумен шектелуден гөрі тереңірек мән беріле бастады. Зерттеулерде, біріншіден, ресми-іскери стиль термині (ресми стиль немесе іс қағаздары емес) нақты түрде негізделеді, екіншіден, талдауларда функционалдық стильдің осы тармағының іскери хат, іскери корреспонденция сияқты жекелеген түрлері, тілдік ерекшеліктері, ресми-іскери стильдің қалыптасуы, компьютерлік технологиядағы түрлері, лингвомәдениеттану саласына қатысы тәрізді бірқатар мәселелер қарастырылады (Федюрко, 2002; Петрова, 2005; Жилина, 2000; Губаева, 1997; Шпанова, 1983; Тимерханов, 2006). Жалпы алғанда, шетелдік ғалымдардың бұл мәселелер турасындағы

тұжырымдары ұқсас: негізгі пікірлер ресми-іскери стилдің қоғам дамуындағы қажеттіліктер үшін маңызды болғандығын, күрделенгенін, сонымен қатар құжаттану ісінің зерделенуі өзекті екендігі төңірегінде [Ульянцева, 2007: 5].

Қазақ тіл білімінде «ресми-іскери стилі» терминінің қолданылуы білім беру жүйесіне арналған лингводидактикалық базаның жаңа нұсқаларынан (оқулықтар мен оқу құралдарынан, сөздіктерден) басталады (Оқулық кешені, 2010; Ресми-іскери стиль: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, 2005; Алдаш, 2002; Ресми іс қағаздары, 2000). Бұл еңбектерде басқару қызметіндегі ресми құжаттардың түрлері мен оларда қолданылатын клише тілдік бірліктер топтастырылып, қазақ ресми-іскери стилінің жеке күрделі тармақ ретіндегі жазба коммуникациядағы орны мен өзіндік стилдік белгілерін айқындайтын практикалық, әдістемелік ұсыныстар, тұрақты тілдік стандарттар мен клише жинақталған. Оқу-әдістемелік құралдарда ресми-іскери құжаттарды сауатты жазу, тіл байлығынан ресми-іскери стилге қажетті тілдік бірліктерді таңдау және осы аталғандардың әдістемесін жетілдіру мақсаты көзделген. Білім беру жүйесіне енгізілген «Кәсіби қазақ тілі» оқу бағдарламасында да ресми құжаттардың, ресми мазмұндағы мәтіндердің қарапайым түрлері топтастырылады, стереотип үлгілерді сауатты жазудың әдістемесі беріледі (Абдрахманова, 2018). Ғылыми-көпшілік мақалалар да жарияланған (Оразбайұлы, 2017). Нақты айтқанда, оқу-әдістемелік құралдар мен сөздіктер және анықтамалықтар қазақ ресми-іскери стилінің зерттелуінің бастаулары деп санауға болады.

### Талқылау және нәтижелер

Қазіргі кезде ресми-іскери стил тіл саясатының корпусты жоспарлануында, мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің қолданылу аяларын кеңейту мәселесінде маңызды стильдік тармаққа айналып отыр. Ресми құжаттарды сауатты жаза білу, негізгі стилдік-тілдік құрылымын, міндетті нысандарын меңгеру қазақ тілін барлық салаларда белсенді қарым-қатынас құралына айналдыруға, тілді оқытып-үйретудегі басты бағыт-бағдарларды белгілеуге барынша ықпал етуі тиіс және қазіргі тіл практикасы көрсетіп отырғанындай, шындығында да, дәл осы мақсатта ресми стилдің үлгілері беделді тармаққа айналып келеді.

Әдетте, «ресми құжат» термині аталғанда, интуитивті түрде мекемелер мен кәсіпорын-

дардағы азаматтармен жұмыс істеуге бағытталған құжаттардың қарапайым түрлері (*өтініш, арыз, хабарландыру* сияқты) ғана еске алынады. Дей тұрсақ та қазіргі кездегі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардағы, мекемелер мен ұйымдардағы қарым-қатынастарды жүзеге асыру үшін ресми құжаттардың қарапайым түрлерінен бастап күрделі түрлеріне (*заң, жарғы, өкім, бұйрық, мәлімдеме, нұсқау, келісімшарт және т.б.*) дейін қоса есептегенде, 100-ден астам ресми құжат қолданылады екен. Түрлері соншалықты саналуан болғанымен, олар белгілі бір шаблонға құрылған, сондықтан олардың қалыптасқан бір нұсқасын білу жеткілікті деген де пікірлер жоқ емес (бұндай көзқарастар негізсіз де емес, мәселен, ресми құжаттардың қарапайым түрлерінің белгілі бір қалыпты нұсқасын орнықтырып, үлгі ретінде ұсыну практикасы кейбір мекемелерде кездеседі). Дегенмен ресми құжаттар – өз алдына функционалдық, ішкі стилдік, текстотиптік ерекшеліктері бар, топтасатын тілдік құралдары бірізділенген күрделі жеке тармақ. Оларды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: а) іскери хаттар; ә) ақпараттық-анықтамалық құжаттар; б) ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар.

Ресми құжаттар немесе «кеңсе іс қағаздары» деп аталып келген тармақ стилистика ғылымында «ресми стиль» деп аталатын салаға жатады. Ал қазақ тіл білімінің зерттеу бағыттарында ресми стильді жеке-дара анықтап, талдап қарастыру 1990 жылдарға дейін өзекті сипатта болған жоқ. Қазақ тілтануында «ресми стиль», «кеңсе іс қағаздары», «іс қағаздар стилі» тәріздес бірнеше атаумен берілген бұл тармақ әлемдік лингвистикада (оның ішінде орыс тіл білімінде) қалыптасқан анықтамамен ғана шектеледі, қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің соңғы қатарында аталды. Бұл жайттың себептері бар: өткен ғасырдың 30-40-ыншы жылдарынан бастап қазақ тілінде жазылатын ресми құжаттардың көлемі төмендеді, негізгі құжаттар орыс тілінде жазылады да, қазақ тіліне тәржімаланады; сондай-ақ ресми іс қағаздарының тілі мен стилі басқа стильдерге қарағанда барынша тұрақты, барлық тілдердегі дерлік ресми стил үлгілері, тілдік стандарттары мен құрылымы тұрғысынан өзара ұқсас, біртекті. Қазақ ресми-іскери стилі анықталуының өзге тілдердегі негіздемелерімен бірыңғай түсуінің бір себебі де осыдан.

Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік факторлардың ықпалымен болып жатқан өзгерістердің нәтижесінде қазақ ресми-іскери стилінің функционалдық тармақтар қатарындағы арасалмағы

да өзгерді. Бұл сала, ең алдымен, жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтерудегі (қазақ тілін басқару тілі, іскери қарым-қатынастың негізгі тілі, барлық мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізудің негізгі тілі, мемлекеттік қызметкерлердің өз қызметтік міндеттерін орындауы үшін негізгі тіл дәрежесіне жеткізу үшін ресми стильге назар аударылады) басты арнаға айналды.

Қазіргі кезеңде қазақ ресми-іскери стилі барынша күрделенді, жанрлық түрлері көбейді. Алғашқы зерттеулерде өтініш, қолхат, сенімхат, бұйрық сияқты қарапайым түрлер, қаулы, қарар, есеп, анықтама сияқты күрделі түрлер (өйткені сол жылдарда ресми мазмұнды мәтіндердің осы түрлері ғана қазақ тілінде жазылатын) ғана аталса, қазіргі кезде қарапайым үлгілер ілеспехат, түсініктеме хат, қызметтік жазба, қолдау хат, ықтиярхат сияқты жаңа үлгілермен, жарғы, өкім, нұсқаулық, заң сияқты күрделі, ресми мазмұндағы мәтіндермен одан әрі толықтырыла түсті..

Қоғам мүшелерін құқықтық жағынан басқарудың макроаясы үшін функционалдық-стильдік қарым-қатынастардың ақпараттық жүйесі тән, ал ақпараттық жүйенің инвариантты негізі – бұйрық-жарлық берудің элеуметтік (прагматикалық) функциясы және ресмиліктің формалды-шарты түрдегі (стильдік) функциясы.

Бұйрық-жарлық беру – ресми мәтіндердің басты сипаты, сонымен қатар оның шеңбері бұйрық беруден (императивтіліктен) ұсыныс жасауға дейінгі кең өріске таралады. Ұсыныс беру мазмұнындағы ресми мәтіндерде бірнеше стилдердің стильдік байлаулы белгілері араласа игеріледі. Инвариантты прагматикалық функцияның императивті түрі де тарамдала түседі: бұнда директивалық, директивті-нормативті және нормативті-бағалауыш функциялар болады. Өйткені қоғам мүшелерін басқару бірнеше амалдар арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, *директивті басқару* заң, бұйрық, өкім, жарлық, нұсқаулықтар арқылы адамдарға тікелей әсер ету (міндетті ету, бағындыру), олардың құқықтық, әкімшілік нормаларын реттеу болып табылса, *директивті-нормативті басқару* қоғам, ұжым алдында тұрған мақсаттарға негізделеді, бұл мақсаттардың мазмұны әралуан (экономикалық, саяси, элеуметтік және т.б.). Директивті-нормативті басқару мазмұнындағы ресми-іскери стилдер үлгілері осы типтес ресми мәтіндердің мемлекет, қоғам, жеке адам

өміріндегі маңызды бағдар екендігін көрсетеді, сөйтіп, олар адамдардың мінез-құлқын реттеп отырады.

Директивті-нормативті басқару түріне *мәтіннің нормативті функциясы* бірқыдыру жақын, нормативті құжаттарда көрініс табатын бұл функция арқылы ұжымның немесе жеке адамның еңбек-қызметі, күнделікті өмірдегі мінез-құлқының (нақты бір жағдаяттардағы), сондай-ақ осы аталғандарды қоғам тарапынан қадағалап отырудың қағидалары қалыптастырылады. Бұндай қағидалар ең алдымен құқықтық нормаларда көрініс табады. Сондықтан нормативті құжаттардағы императивтілік нұсқау беру және бағалау мәліметтерімен араласа түсіп отырады.

*Ұсыныс жасау функциясы* бойынша топтастырылатын ресми мәтіндерден байқалатыны – бұл бұйрық-жарлық беру функциясының «жұмсартылған», «жеңілдетілген» нұсқасы болып табылады, баяндау тәсілінде эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктер пайдаланылады. Бұндай прагматикалық функция дипломатиялық қарым-қатынас, салтанатты іс-шаралар, сот ісі, жарнама қызметі сияқты қоғамның ресми өміріне тән құжаттар мәтінінде аңғарылады.

Ресми-іскери қарым-қатынас тілі заң түрінде реттелген, канондалған тіл болып есептеледі, сол себепті оның нормаларының *ресмилік, имперсоналдық, объективтілік, эмоциясыздық, барынша салқынқанды тілмен жазылуы* сияқты сипаттармен айқындалуы түсінікті. Іскери саладағы тіл мемлекеттің, мекеменің, лауазымды адамдардың атынан айтылатын (жазылатын) болғандықтан, адресаттың мәселеге қарым-қатысын айқын көрсетіп тұрады. Осыған байланысты ресми-іскери стильге тән мәтіндердің тілі екіұдай мағына, әртүрлі оқылым, түсінік тудырмайтындай дәрежеде стандартталған тіл болады. Осы ретте айта кетелік, Тіл білімінің сөздігі «стандартталу дегенді үлгі, эталон, әдеби тіл, кодификацияланған тіл дегенмен бірдей» деген анықтама беріледі (Тіл білімі сөздігі, 1998: 362). Нақты айтқанда, ресми құжаттардың тілінде стереотип, клише түріндегі, ресми құжаттарды жазу дәстүріне берік орныққан тілдік тұлғалар жиі кездеседі. Заңнамалық құжаттар болғандықтан, оларды қолданылған тілдік бірліктер кодификацияланған болып есептеледі, сөйтіп, стандартталған тілдік бірліктер функционалдық стилдердің басқа түрлеріне үлгі ретінде таралады. Бұл осы стилдің жазба коммуникациядағы ерекшелігі мен артықшылықтарын көрсетеді.

Ресми-іскери құжаттардың күрделі түрлерінің қазақ әдеби тілінің терминдік жүйесін қалыптастыруда да үлесті орны бар.

Ресми-іскери құжаттардың қазақша нұсқалары арқылы төл тілдік лексемалардың семантикалық мүмкіндіктері, сөзжасам амалдары кеңінен пайдаланылады, сонымен қатар синонимдердің мағыналық кеңею өрісі байқалады.

Кодификациялану үдерістерінде заңнамалық құжаттардың архитектурникасы елеулі рөл атқарады. Біріншіден, заңнамалық құжаттар түзуде қазіргі қазақ әдеби тілінің динамикасындағы басты сипаттар назардан тыс қалмайды. Осындай сипаттардың негізгісі – функционалды-мәнді, ресми мазмұндағы құжаттардың мәтіндерінде тілдің төл әлеуеті игерілуінің нәтижесінен жаңа терминдердің ұсынылуы. Мәселен, заңнамалық құжаттар мәтіндерінде қолданылған *тапсырыс, өтінім, дара кәсіпкер, бәсең сайлау құқығы* (2000 – 2003 жылдар арасында қолданылған); *аударым, мөлшерлеме, еңбек өтілі, шегендеу, қанатбелгі, төсбелгі* (2010 жылдардан бастап) және кейінгі онжылдықтарда ресми мәтіндерде пайда болған *әртараптандыру, әділет алқа (юстиц-коллегия) өтелім, үлескер, үлестік меншік, ұсынбалы бағалы қағаз, шұғыл салым, шоғырландырылған борыш, шегерім, теңгерім, сенімгерлік, бір көзден алу тәсілі, оралымды орындау, мөлшерлеме, өріс индексі, кенеулілік, үлескер, салымшы, бейін, бірбейінді, мәліметтерді бұғаттау, түйсінсанат, санаткерлік, зияткерлік, жайластыру, ізжазба, бәссауда, шығандаған өзімшілдік, шәкіл* сияқты терминдер мен термин тіркестер бастапқыда заңнамалық құжаттардың мәтіндерінде көрініс тапты. Директивалық, нормативті заңнамалық құжаттар заң күшіне ие, сондықтан осы мәтіндердің бірінде алғаш рет қолданысқа түскен әрбір жаңа лексема да «заң күшіне ие» болып қабылданады; мемлекеттік сыртқы және ішкі басқару, реттеу мазмұнындағы мәтіндердің барлығында да дерлік пайдаланылады. Қолданыс жиілігі артады. Ал қандайда бір тілдік бірліктің қолданыс жиілігінің жоғары болуы жазу дағдысын қалыптастырады, жазу дағдысы нормалану үдерісіне тірек болады. Жалпы алғанда, тіл дамуының қазіргі кезеңінде ауызша тілмен салыстыра қарағанда, жазба тіл басымдыққа, біріншілікке ие. Міне, осы тұрғыдан әдеби тілдің лексикалық құрамының толығыуы, тілдің ішкі мүмкіндіктерінің қозғалысқа түсуі жөнінде эмпирикалық материалдарды іріктеуге болатын ресми мазмұндағы мәтіндер жазба коммуникацияның артықшылықтарын таныта-

тын маңызды тармақтардың бірі деуге толық негіз бар.

Ресми мазмұндағы мәтіндердің прагматикалық функциясын айқын танытып тұратын негізгі стереотиптерге, ең алдымен ресми-іскери құжат мәтіндерінің сыртқы нысанын жатқызуға болады, бұлар – құжат атауының, лауазымды адамдардың аты-жөнінің, құжаттың орындалған мерзімінің белгілі бір ретпен көрсетілуі, бланк түріндегі формат, мәтіннің азатжолдарға бөлінуі, мортанбаның берілуі және т.б.

Ресми мәтіннің ресмилігін мойындайтын сыртқы нысаннан басқа ресми мәтіндердің бұйрық-жарлық беру және ұсыныс жасау, нормативті функцияларының жүзеге асырылуының біртектес, инвариантты тілдік құралдары болады. Олар ресми мазмұндағы мәтіндердің архитектурникасын құрайды. Архитектониканың белгілері:

- ресми мазмұндағы мәтіндерде *ақпарат – құрылым – форма* өзара тығыз байланыста болады;
- ақпарат беретін тілдік бірліктердің белгілі бір құрылымы болады;
- құрылымдардың өзара байланысының логикасы бар;
- формаларға тұтастық, бірізділік, реттілік тән.

Осы аталғандар ресми-іскери стил түзетін мазмұндағы мәтіндердің қарапайым және күрделі түрлерінің барлығына ортақ архитектурника болып есептеледі. Әрине, ресми мазмұндағы мәтіндердің жанрлық түрлері сан алуан болғандықтан, *ақпарат – құрылым – форма* тізілімінің өзара байланысы әрқелкі, бірінде қарапайым, екінші бір түрлерінде күрделі.

Ресми мазмұндағы мәтіндердің біртектес архитектурникасын ресми-іскери стилдің күрделі түрлері – директивалы, конвенционалды, нормативті қызметке ие заң, жарғы, нұсқаулықтардың құрылымы арқылы анықтауға болады.

Ресми-іскери қарым-қатынастарды реттейтін, нормативті-директивалық заңнамалық құжаттардың мәтіндегі ақпарат – құрылым – форма біртектес. Біртектестің үлгілерінің бір тобы төмендегілер:

- баяндауды логикалық жағынан тиянақтайтын етістіктің императив формалары (*тапсырылсын, жүктелсін, тағайындалсын, бекітілсін, көзделсін*); етістіктің шақ тұлғалары (әсіресе ауыспалы осы шақ нысаны мәтінде бұйрық-жарлық беру, нұсқау жасау, мүмкіндікті көрсету, қажеттілікті дәлелдеу сияқты бірнеше модальді реңктерге ие болып, игеріледі: *бекітеді, айқын-*

дайды, болып табылады, тыйым салынады, реттейді);

- ырықсыз етіс тұлғалары мәтіннің имперсоналдығы, объективтілігі сипаттарын қанықты ете түседі (*жүргізілді, тапсырылды, жүктелді*);

- тұйық етістіктің парадигмасы терминдік мәнде немесе термин сөз орамдарының синтагмалық қатарларында қолданылып, клише қызметін атқарады (Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудің, қауіпсіздікті нығайтуға, дағдарыстан – дамуға, үлесті арттыруда; тыйым салуға, теле және радиохабарларын таратуға);

- қазақ тілінде жазылатын ресми мәтіндердің құрылымында орыс тіліне тән конструкциялар қолданылады. Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі заң құжаттарының тілін ауырлатып, негізгі ойды кідіріссіз қабылдауды қиындататын да осындай құрылымдардың болуы (мысалы, *Мыналарға: Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін қалыптастыруға және оның үздіксіз жұмыс істеуіне... қайшы келетін қандайда бір шешімдер қабылдауға жол берілмейді: Заңдардың сақталуына бақылау жасау кезінде: мемлекеттік бағдарламаның орындалуы жөнінде ақпарат, мәлімет, құжаттар сұратуға... құқығы бар*).

Ресми-іскери стильдің біртектес, бір қалыпқа түскен лексикалық тілдік бірліктерін төмендегіше топтастыруға болады:

- синонимдік қатарлардың бірінің ресми мәтіндер үшін стереотип тұлғаға айналуы. Қазақ тіліндегі нақты семантикаға ие өзара мәндес сөздердің бірі ресми мәтіннің тұрақты лексикалық бірлігі ретінде бекітіледі, мысалы, *мына – бұл – осы* деген қатарларда *осы* – (настоящий); *мына* (это, следующий) түрінде сараланған: *Осы Ереже; Осы Нұсқаулық; Осы Заң ... бақылау жасаудың тәртібін реттейді; жергілікті органдардың басшаларына мыналар ұсынылсын; Осы Заңда мынадай негізі ұғымдар пайдаланылады;*

- күрделі ойды дәнекерлеуші құралдардың да бір тобы стереотиптенген. Мәселен, семантикалық жүгі бірдей туралы, жайында, жөнінде, жайлы, турасында типтес модаль сөздердің ішінде ресми-іскери стильде мейлінше тұрақталған сыңары – туралы (мысалы, *Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы ереже – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қаңтардағы №16 қаулысымен бекітілген*); Атап өтетін жайт – туралы лексемасының өз синонимдік қатарларынан

семантикалық, «әмбебаптық» айырықша жүгі жоқ. Ол заң күшіне ие құжаттардың тілінде барынша бейтараптанып, ойды дәнекерлеуші таңба түріне айналған.

- ресми құжаттардың күрделі мазмұны, ойды объективті және барынша нақты жеткізу мақсатында тілдік бірліктердің ішкі семемалық бөлшектерінің барлық ерекшеліктері ескеріледі, осының нәтижесінде өзара мәндес сөздердің терминдік ұғымға сәйкестелуі, мағыналық жағынан жіктеле түсуі байқалады. *Әзірлеу – дайындау – даярлау* қатарларының өзекті және шеткергі семалармен бөлінуі байқалмайды, десек те ресми мәтіндердің стильдік мазмұны арқылы олар сараланып, синтагмалық қатар түзеді: *даярлау – кадр даярлау (кадр дайындау емес), егін егуге дайындық (егінге даярлық емес)*, ал *әзірлеу* сыңары көбіне-көп ауызша әдеби тіл элементі ретінде байлаулы бола бастағанын көруге болады (*сабақ әзірлеу, жоба әзірлеу, мемлекеттік тілде әзірлеу*). Осы ретте ресми мәтіндерде *ақпарат (информация), ақпар (сводка), мәлімет (сведение), хабар (сообщение)*, сондай-ақ *аумақ (территория), аймақ (регион)* түрінде сараланып бекігенін атап өткен жөн.

- терминдер және терминдік сөз орамдары. Бұлар, әдетте, әрбір ресми құжаттың негізгі мазмұнына қарай әртүрлі болып келеді. Айталық, халықаралық сауда-экономикалық байланыстарға арналған ресми мәтінде дипломатиялық, экономикалық терминдердің қолданылу жиілігі жоғары болады.

- ресми-іскери мәтіндердің көпшілігіне ортақ ресмилік семантикасы нақтыланған лексикалық тілдік бірліктер ретінде төмендегілерді көрсетуге болады және олар қоршаған орта туралы түсініктің кеңеюі, саяси өмірдің ықпалы нәтижесінен әралуан парадигмалық және синтагмалық қатарлар түзуге қатысады:

*Меншік* – жеке меншік, мемлекеттік меншік, меншік нысандарына қарамастан; *сәйкес* – осы заңға сәйкес, талаптарға сәйкес, мақсаттарға сәйкес; *мақсат* – мақсатында – жүзеге асыру мақсатында, орындау мақсатында; *құзырет* – құзыретті – өз құзыреті шегінде; жүзеге асыру, қамтамасыз ету, жергілікті – жергілікті билік, жергілікті атқарушы орган, *міндет* – міндеттелсін, міндетіне алу – міндет жүктеу – міндетті орындау, *қадағалау* – бақылау және т.б.

## Қорытынды

Тілдің дамуы әрқашанда қоғамдық-әлеуметтік факторлардың ықпалында ұдайы бо-



лып, құрылымдық, мазмұндық, қолданыстық жағынан үздіксіз дамып, жаңғырып отырады деген қағидатқа сүйене отырып, дәстүрлі түрде қалыптасқан функционалдық стилдер жүйесінің ішкі тармақтарында өзгерістер мен қозғалыстар бар екендігін атап өткен жөн. Қазақ тілінің қолданылу аясына әсер еткен тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуы нәтижесінде қазіргі қазақ әдеби тілі стилдер жүйесінде өзінің тілдік-стильдік байлаулы белгілерімен әбден жүйеленген тармақтардың бірі – ресми-іскери стил.

Біз өз тарапымыздан қазақ тілінің қоғамдық салаларда қолданылу аясының кеңеюіне байланысты, байырғыдан аталып келе жатқан ресми стилдің негізінде дамып, жаңғырып, күрделене түскен ресми-іскери стилдің кейбір ішінара тілдік-стильдік белгілерін сөз еттік. Шын мәнінде осы сала – жанр, дискурс онтологиясы, функционалды стилистикадағы жаңаша бағыттар, тілдің әлеуметтік-мәдени контексте қолданылуының сипаты тұрғысынан байыпты талдануы қажет.

Ресми мазмұндағы мәтін және ресми-іскери стил ұғымдарының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деп танымыз. Маңыздысы –

аутентикалық материалдардың негізінде ресми мазмұндағы мәтіндердің жанрлық, тілдік типологиясын бағамдау, ресми-іскери стилдің жазба коммуникациядағы статусы мен орнын таныту. Әрине, қазірге дейін нормативті, директивалық, волонтерлік заңнамалық құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасының жасалуына өзге тілдегі нұсқа негіз болып келе жатқаны (басқа тілден аударылатыны) белгілі. Типологиялық құрылымы әр басқа тілдердің арасындағы өзгешеліктер ресми мазмұндағы мәтіндерден де байқалады. Дегенмен қазіргі қазақ ресми-іскери стилінің қарапайым және күрделі жанрлық типтерінің архитектуралық, лексикалық және грамматикалық құрылымы қазақ әдеби тілінің қазіргі жай-күйінде айқын байқалып отырған сипаттарды толық таныта алады.

*Зерттеуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің OR11465483 «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты бағдарламалық нысаналы қаржыландыру Жобасының қорытындылары ұсынылған.*

#### Әдебиеттер

- Абдрахманова Қ.Ж. Қазақ тілі: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: АТУ, 2018. – 165 б.
- Алдаш А., Бүркітбаева Г. Іскерихаттар. – Business Letters. – Алматы: Легион, 2002. – 151 б.
- Байтұрсынов А. Ақжол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеулер / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
- Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы: Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, 1974. – 190 б.
- Губаева Т.В. Официально-деловая речь: стилистические исследования последних десятилетий // Stylistyka. – Opole, 1997. – Вып. 6. – С. 173-185.
- Жилина О. А. Язык современных деловых документов в аспекте компьютерных технологий: автореф. ... канд. филол. наук. – М., 2000. – 16 с.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Атамұра, 2010. – 608 б.
- Оразбайұлы Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдің жанрлық ерекшеліктері. – URL: <https://emle.kz/articles/get/175>
- Петрова Т.А. Лингвокультурологический аспект официально-делового дискурса: на материале документации учреждений сферы образования Уральского региона: автореф. ... канд. филол. наук. – Челябинск, 2005. – 22 с.
- Ресми іс қағаздары // А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. – Астана, 2000. – 216 б.
- Ресми-іскери стиль: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі. Официально-деловой язык: казахско-русский словарь сочетаемости / Э. Сүлейменова, А. Алдаш, Д. Ақанова. – Алматы: Арман-ПВ, 2005. – 376 б.
- Ресми-іскери қазақ тілі. Оқулық кешені: Бірінші – үшінші деңгей. Официально-деловой казахский язык: Первый – третий уровень / Д. Ақанова, А. Алдаш, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. – Алматы: Арман-ПВ, 2010. – 408 с.
- Сыздықова Р. XVIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 246 б.
- Тимерханов А. Язык деловых бумаг в современном татарском языке: автореф. ... докт. филол. наук. – Казань, 2006. – 51 с.
- Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 бет.
- Ульянцева С.Э. Основные тенденции развития официально-делового стиля служебного документа в постсоветский период: автореф. ... канд. филол. наук. – М., 2007. – 26 с.
- Федюрко С.Ю. Стилистические особенности русского делового письма как жанровой разновидности официально-делового стиля: дисс. ... канд. филол. наук. – Воронеж, 2002. – 140 с.

Шпанова Э.М. Лингвистические особенности официально-деловой речи // Русский язык за рубежом. – 1983. – №5. – С. 36-41.

Slutsky J.M., Sardegna V.G. Business writing strategies and guidelines for preparing effective memorandums // Journal for Excellence in Business Education. – 5(1). – 2018. – P. 1-13.

Egan M. A new approach to business writing // Journal of Workplace Learning. – No 10. – 1998. – P. 46-52. <https://doi.org/10.1108/13665629810370049>

Greavu A. An Overview of Business Writing: Challenges and Solutions. // Studies in Business and Economics. – Vol. 14. – 2019. – P. 60-71. <https://doi.org/10.2478/sbe-2019-0005>

## References

Abdrahmanova K.J. Qazaq tili: oqu-adistemelik quraly [Kazakh language: educational and methodical manual]. Almaty. 2018. 165 p. (in Kazakh)

Aldash A., Burkitbaeva G. Iskerihattar. – Business Letters. Almaty. 2002. 151 p. (in Kazakh)

Baitursynov A. Aqjol: Olengder men tarjimeler, publ. maqalalar jane adebi zertteuler [Akzhol: poems and translations, journalistic articles and literary studies] / Compiled by R. Nurgaliyev. Almaty. 1991. 464 p. (in Kazakh)

Balaqaev M. Qazaq adebi tili jane onyng normalary [Kazakh literary language and its norms]. Almaty. 1984. 184 p. (in Kazakh)

Balaqaev M., Janpeyisov E., Tomanov M., Manasbaev B. (1974) Qazaq tilining stilistikasy: Jogary oqu oryndarynyng filologiya fakulteti studentterine arnalgan oqulyq [Stylistics of the Kazakh language: A textbook for students of the Faculty of Philology of higher educational institutions]. Almaty. 1974. 190 p. (in Kazakh)

Egan M. (1998). A new approach to business writing // Journal of Workplace Learning. – Vol. 14. – No 10. – P. 46-52. <https://doi.org/10.1108/13665629810370049> (In English)

Greavu A. (2019). An Overview of Business Writing: Challenges and Solutions. // Studies in Business and Economics. Vol. 14. – P. 60-71. <https://doi.org/10.2478/sbe-2019-0005> (In English)

Gubaeva T.V. (1997) Oficialno-delovaya rech: stilisticheskie issledovaniya poslednih desyatiletii [Official business speech: stylistic studies of the last decades] // Stylistyka [Stylistics]. Opole. 1997. Iss. 6. P.173-185. (in Russian)

Jilina O.A. (2000) Yazyk sovremennyh delovyh dokumentov v aspekte komp'yuternykh tehnologii [The language of modern business documents in the aspect of computer technology]: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Abstract ... Candidate of Philology Sciences]. Moscow. 2000. 16 p. (in Russian)

Jubanov K. (2010) Qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty. 2010. 608 p. (in Kazakh)

Orazbairuly A. (2017) Qazirgi qazaq tilindegi resmi-iskerlik stilding janrlыq erekshelikteri [Genre features of the official and business style in the modern Kazakh language]. Retrieved from <https://emle.kz/articles/get/175> (in Kazakh)

Petrova T.A. (2005) Lingvokul'turologicheskii aspekt oficial'no-delovogo diskursa: na materiale dokumentacii uchrejdenii sfery obrazovaniya Ural'skogo regiona [Linguoculturological aspect of the official business discourse: based on the documentation of educational institutions of the Ural region]: avtoref. ... kand filol. nauk. [Abstract ... Candidate of Philology Sciences]. Chelyabinsk. 2005. 22 p. (in Russian)

Resmi is qagazdary (2000) [Official business records] // A. Aldasheva, Z. Ahmetjanova, K. Kadasheva, E. Suleimenova. Astana. 2000. 216 p. (in Kazakh)

Resmi-iskeri stil: qazaqsha-oryssha tirkesimder sozdigi. Oficialno-delovoi yazyk: kazahsko-russkii slovar sochetaemosti (2005) [Official-business style: dictionary of Kazakh-Russian combinations] / E. Suleimenova, A. Aldash, D. Akanova. Almaty. 2005. 376 p. (in Kazakh-Russian)

Resmi-iskeri qazaq tili. Oqulyq kesheni: Birinshi – ushinshi dengei. Oficialno-delovoi kazahskii yazyk: Pervyi – tretii uroven (2010) [Official-business Kazakh language. Textbook complex: first-third level] / D. Akanova, A. Aldash, Z. Ahmetjanova, K. Kadasheva, E. Suleimenova. Almaty. 2010. 408 p. (in Kazakh-Russian)

Slutsky J.M., Sardegna V.G. (2018). Business writing strategies and guidelines for preparing effective memorandums. *Journal for Excellence in Business Education*, 5(1), 1-13. Retrieved from <http://www.jebjournal.org/index.php/jebe/article/view/80> (In English)

Syzdykova R. (1984) XVIII-XIX ғ.ғ. qazaq adebi tilining tarihy [History of the Kazakh literary language of the XVIII-XIX centuries]. Almaty. 1984. 246 p. (in Kazakh)

Timerhanov A. (2006) Yazyk delovyh bumag v sovremennom tatarskom yazyke [The language of business papers in the modern Tatar language]: avtoref. ... dokt. filol. nauk. [Abstract ... Doc. of Philology Sciences]. Kazan. 2006. 51 p. (in Russian)

Til bilimi sozdigi (1998) [Dictionary of linguistics]. Almaty. 1998. 544 p. (in Kazakh-Russian)

Ulyanceva S.E. (2007) Osnovnye tendencii razvitiya oficial'no-delovogo stilya slujebnogo dokumenta v postsovetkii period [The main trends in the development of the official business style of the official document in the post-Soviet period]: avtoref. ... kand. filol. nauk. [Abstract ... Candidate of Philology Sciences]. Moscow. 2007. 26 p. (in Russian)

Fedyurko S.Y. (2002) Stilisticheskie osobennosti russkogo delovogo pis'ma kak janrovoy raznovidnosti oficial'no-delovogo stilya [Stylistic features of Russian business Writing as a genre variety of the official business style]: diss. ... kand. filol. nauk. [Abstract ... Candidate of Philology Sciences]. Voronezh. 2002. 140 p. (in Russian)

Shpanova E.M. (1983) Lingvisticheskie osobennosti oficialno-delovoi rechi [Linguistic features of official business speech] // Russkii yazyk za rubejom [Russian language abroad]. 1983. No 5. P.36-41. (in Russian)